

2003 жылға арналған республикалық бюджетте 802 "Ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорындар үшін жабдықтар лизингі" бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген кредит алуға қарыз алушы банкті анықтау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 21 қарашадағы N 1164 қаулысы

"Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттің атқарылуы және есептілік нысандарын жүргізу (мерзімдік және жылдық) жөніндегі қаржылық рәсімдердің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Агроөнеркәсіп кешеніне кредит берудің және оны субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 наурыздағы N 259 қаулысына сәйкес 2003 жылға арналған республикалық бюджетте 802 "Ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорындар үшін жабдықтар лизингі" бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген қаражаттың есебінен кредит алуға қарыз алушы банк болып "Сүт өңдеу" ішкі саласы бойынша - "Банк Каспийский" ашық акционерлік қоғамы белгіленсін:

кредит сомасы - 167 000 000 (бір жүз алпыс жеті миллион) теңге;
кредит мерзімі - 7 жыл.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, "Банк Каспийский" ашық акционерлік қоғамы (келісім бойынша) осы қаулыны іске асыру үшін тиісті шаралар қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі